



**БАС ЖОСПАР  
БЕКІТІЛДІ**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**АБАЙЛАҢЫЗ,  
ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚ!**

5-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН ОСЫДАН 2-3 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ, ТІПТІ, БІР ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНАН АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРДІ. БІЗ АЗ УАҚЫТТА ЗОР СЕРПІЛІС ЖАСАДЫҚ. БҰҒАН ЫНТЫМАҚ-БІРЛІКТІҢ ЖӘНЕ СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ АРҚАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК. ҚАЗАҚСТАН – ОСЫ ГЕОСАЯСИ АЙМАҚТА САЯСИ ЖҮЙЕСІН ҚЫСҚА МЕРЗІМ ІШІНДЕ ТҮБЕГЕЙ-ЛІ ӨЗГЕРТКЕН БІРДЕН-БІР МЕМЛЕКЕТ. ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АРҚАСЫНДА САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҒАНА ТӘН ЕРЕКШЕ ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСТЫ. КЕЛЕШЕКТЕ ДЕ ОНЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ АРТА БЕРМЕК.

№143  
(4576)  
Сенбі  
2 желтоқсан  
2023 жыл



# ASTANA

**ELORDA  
AQPARAT**  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**A Q S H A M Y**

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## НЕШЕ КҮН ДЕМАЛЫС?

Биыл Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан сенбіге сәйкес келеді, яғни қазақстандықтар дүйсенбіде қосымша демалыс алады.

Желтоқсан айында барлығы 11 демалыс және 20 жұмыс күні болады. Аптасына бес күн жұмыс істейтіндер 16, 17, 18 желтоқсан, ал алты күн жұмыс істейтіндер 16 және 17 желтоқсан күндері демалады.

2022 жылы Мемлекет басшының Жарлығы бойынша «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні» мемлекеттік мерекеге ауысып, тек бір күнде – 16 желтоқсанда аталып өтеді. Бұған дейін мереке күні 16-17 желтоқсанда болатын.



## ӘЙЕЛДЕР – ӘЛЕУМЕТТІҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Озық мемлекеттің бір маңызды белгісі – әйелдердің қоғамдағы мәртебесі. Сондықтан әйелдердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударуымыз керек» деп атап өткен болатын. Шын мәнінде, әйел қауымы қай қоғамның болса да әлеуметтік дамуына оң ықпал ететіні айқын. Кеше елордада өткен форумда әйелдер бастамалары жайында жан-жақты айтылды.



## ДӨҢГЕЛЕКТІ АУЫСТЫР!

Қазақстанда 1 желтоқсаннан бастап жазғы дөңгелекпен жүрген жүргізушілерге айыппұл салынады.

Қолданыстағы заңға сәйкес, 1 желтоқсан мен 1 наурыз аралығында көлік жүргізушілері көліктерінің қысқы дөңгелектері болуын қадағалауы керек.

«Мұндай заң бұзушылықтар анықталған кезде, полиция қызметкерлері бұзушылықтар жойылғанға дейін көлікті тоқтатып, мемлекеттік нөмірді тәркілеуге құқылы» делінген ресми хабарламада.

Ең төменгі айыппұл мөлшері 5 АЕК (17250 теңге) болады. Жүргізуші бір жылда қайтадан тәртіп бұзса, 10 АЕК (34500 теңге) көлемінде айыппұл төлейді.



**«ASTANA  
AQSHAMY»**

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

## ҚАРЛЫ БОРАН, КӨКТАЙҒАҚ...

Елорданың коммуналдық қызметтері қыстың алғашқы күнінен күшейтілген режимде жұмысқа кірісті.

Қыстың күнтізбелік бірінші күні, яғни 1 желтоқсанда қалаға едәуір қар жауды. Таңертеңнен қала көшелерінің қары мен мұзын күреуге 2000-нан астам жол жұмысшысы мен 1000-ға жуық арнайы техника шықты. Бірінші кезекте орталық көшелер, аялдамалар мен тротуарлар тазаланды. Қар қала сыртындағы бірнеше жабдықталған қар полигондарына шығарыла бастады.

«Қазгидромет» мекемесінің мәліметінше, алдағы үш күнде Астанада қарлы боран, көктайғақ болатыны болжанады. Осыған байланысты төтенше жағдай қызметі қала тұрғындары мен қонақтарын көшеде жүргенде өте мұқият болуға, көктайғақ кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, төтенше жағдай орын алса, «112» телефоны бойынша арнайы қызметтерге хабарлауға шақырады.



Сұлтан СЕЙІТ

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.86 \$ USD/KZT 463.09 ₪ RUB/KZT 5.21 ¥ CNY/KZT 64.73

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## DUBAI EXPO CITY КӨРМЕ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ конференциясы аясында Дубайда өтіп жатқан Дүниежүзілік климаттық саммиттің ашылу рәсіміне қатысу үшін Dubai Expo City көрме орталығына барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысын БАӘ Президенті Мұхаммед бен Заид әл Нахаян мен БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш қарсы алды. Саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пленарлық отырыста сөз сөйлеп, мемлекеттер және бизнес құрылымдарының басшыларымен бірқатар кездесу өткізеді.

Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев Дубайда өтіп жатқан Климат жөніндегі дүниежүзілік саммиттің (COP28) ашылуына дейін бірқатар мемлекет басшыларымен және басқа да жиынға қатысушы тұлғалармен әңгімелесіп, пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Еуроодақ президенті Шарль Мишель, Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі Тони Блэр, Мажарстан пре-

зиденті Каталин Новак, АҚШ президентінің климат жөніндегі арнайы өкілі Джон Керримен әңгімелесті. Сондай-ақ Қазақстан Президенті Қатар әмірі шейх Тәммим Бен Хамад әл Тани, Словения президенті Наташа Пирц-Мусармен, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонмен, Андорра Премьер-министрі Ксавер Эспот Саморамен пікір алмасты.

## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМҒА» ҚАДАМ

Қазіргі таңда «Қарызсыз қоғам» жобасын кеңейту бойынша арнайы меморандум дайындалды. Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың төрағалығымен өткен жиын барысында бүгінге дейін атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға және несиелер бойынша проблемалық берешектерді реттеуге бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасының жүзеге асырылу барысы туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов баяндады.

«Құжат аясында аталған жұмысқа 9 мемлекеттік орган, 12 банк, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы және микроқаржы ұйымдары қауымдастығы қосылды. Қазірдің өзінде барлық өңірде азаматтарға консультациялық көмек көрсету үшін «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері құрылды. Жергілікті атқарушы органдар оларды техникалық құралдармен жабдықтау шараларын қабылдауы қажет» деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында атап өтіп,

оның қамту аясын кеңейтуді тапсырған болатын. Мәселен, келесі жылы еліміздің барлық өңірінде қаржылық сауаттылық курсы ұйымдастырылып, 200 мыңға жуық адамды оқыту жоспарланып отыр. Несие мерзімі 90 күннен асып кеткен азаматтарға басымдық берілмек. Сонымен қатар мектептер мен жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылық курсы өткізіліп, барлығы 1 млн адам қамтылады. Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі 2024 жылдан бастап арнайы оқыту курсы енгізуді жоспарлауда.

Ал Оқу-ағарту министрлігі «Жаһандық құзыреттер» пәні аясында оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруды ұсынып отыр. Бұл туралы Аманат партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев айтты.

«Жаһандық құзыреттілік» оқулығында баяндау стилі күрделі және кей тұстары түсініксіз жазылған. Оқушы-

лардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы ескерілмеген. Сонымен қатар бұл таңдау пәні саналады, ал қаржылық сауаттылық бойынша әлемдік рейтингте жоғары орындарға ие елдерде бұл пән міндетті пәндер қатарында (Финляндия, Жапония). Сондай-ақ түрлі пәндер бойынша қаржы мәселесіне бөлінетін сағат саны да әр мектепте әртүрлі дейді Ә.Жұмағазиев.

Жиынды қорытындылай келе, Ерұлан Жамаубаев халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізудің маңызына тоқталып, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Аманат партиясымен, мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, «Жол картасы» іс-шараларының сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Жергілікті атқарушы органдар азаматтарды оқытуға жарамды үй-жайларды бөлу, сондай-ақ олардың техникалық жабдықтауын қамтамасыз етуі қажет.

## БІРІНШІ КЕЗЕҢІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Астанада «Тұран» газ жылу станциясының 1-кезеңі іске қосылады. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Құрылысы ұзаққа созылған №3 жылу электр орталығын іске қосу үшін көп жұмыс атқарылды. Аталмыш жылу электр орталығындағы 4 қазандықтың бәрі іске қосылды. Бұл қаланы 440 Гкал/сағатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында қала әкімі.

«№3 жылу электр орталығы 1-кезеңінің құрылысы қазан айында аяқталды. Нысан осы

кезеңнен қалаға жылу беруді бастады. Ол сол жағалаудың бір бөлігін және құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жаңа аудандарды жылумен қамтамасыз етеді. Сол сияқты тіршілікті қамтамасыз ететін жаңа нысандарда жаңа қуат іске қосылды. Мәселен, жаңа «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясын алайық. Бұл газ жылу станциясы «Бағыстан», «Мыңжылдық аллеясы» тұрғын үй кешендері аудандарын,

қаланың сол жағалауын жылумен сенімді қамтамасыз етеді. Осы жылдың соңына дейін станцияны 350 Гкал/сағ максималды қуатқа дейін жеткізу бойынша іске қосу жұмысы жалғасады. Сондай-ақ желтоқсан айында қуаты 350 Гкал/сағ болатын «Тұран» газ жылу станциясының 1-кезеңін іске қосуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, үш нысанның күші 1140 Гкал/сағ құрайды» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

## ТҰЖЫРЫМДАМА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында елорданың қоғамдық кеңістігін дамыту және көгалдандыру тұжырымдамасы таныстырылды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Биыл елордада 165 қоғамдық және аула кеңістігі жабдықталып, 1 миллионнан астам ағаш пен бұта отырғызылды. Бұл ретте қалада қоғамдық кеңістіктері мен жасыл желектері жоқ бірқатар аймақ бар. Ең алдымен, бұл тұрғын алаптарға, Тұран даңғылының батысындағы ауданға, Мыңжылдық аллеясына және басқа аудандарға қатысты. Бүгін құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия-

ның отырысында елорданың қоғамдық кеңістігін дамыту және көгалдандыру тұжырымдамасы таныстырылды. Бағаны төмендету жолымен жұмысты жосықсыз атқаратындардың алдын алу үшін мемлекеттік органдардың назарын ағаш отырғызумен және абаттандырумен айналысатын кәсіпорындарға жаңа іріктеу жүргізу керек. Жасыл желектерді суаруға бөлек тоқталдым, мұнда жаңа тәсілдерді іздеу керек, мысалы, ұңғымаларды бұрғылау. Бұл су таситын көліктерді

пайдаланудан әлдеқайда тиімді және арзанырақ. Сонымен қатар елорданың жаңа туған тұрғындарына туу туралы куәлікпен бірге жеке ағаш отырғызуға мүмкіндік берген өткен жылдардағы тәжірибені пайдалануды ұсындым» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желіде.

Отырыс соңында жауапты органдарға Астананы абаттандыру мен көгалдандырудың бірыңғай жоспарын әзірлеу тапсырылды, оның жұмысына мәслихат депутаттары қатысады.



## ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Мәжілістің жалпы отырысында «Масс-медиа» туралы заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын таныстырған Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мынадай нормалардың енгізілігін түсіндірді: БАҚ-та жарияланған материалдың ескіру мерзімін 3 жыл деп белгілеу; БАҚ-тарға сұрау салуын қарауды 7 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне дейін қысқарту; журналистердің құқығы мен бостандығын сақтау туралы ұлттық баяндаманы дайындау; баспасөз картасын енгізу;

отандық телерадио хабар тарататын спутник операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау; 2025 жылдан бастап республикалық деңгейде грантпен қаржыландыруға қошу; БАҚ-ты есепке қою тетігін жетілдіру және т. б.

«Мемлекеттік органдардың БАҚ-тың ресми сауалына жауап беру мерзімі 7 күннен 5 күнге қысқарту нормасын Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық

ұйымы оң бағалады. Заң жобасына «масс-медиа», «грант», «бірыңғай медиа платформа», «журналистердің құқығы туралы ұлттық баяндама» деген ұғымдар енгізіледі» деді ведомство басшысы.

Занды талқылау барысында Мәжілістегі Аманат фракциясының депутаттары баспасөз картасын енгізуге қарсылық білдірді. Дауыс беру нәтижесінде заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.













## «ЖАН ШУАҚ» ЛАУРЕАТТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Amanat партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XVI «Жан шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара барысында бейнелеу және қолданбалы өнер көрмесі өтіп, онда ерекше қажеттілігі бар суретшілердің өнер туындылары қойылды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Марапаттау салтанатын ашқан Мәжіліс спикері, Amanat партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау мәселесіне айрықша назар аударатынын атап өтті.

– Біз қазір инклюзивті мемлекет, инклюзивті экономика, инклюзивті қоғам туралы жиі айтамыз. Кең мағынасында «инклюзив» ұғымы әділдік пен бірлік, тәртіп пен заң үстемдігі және тең мүмкіндіктер дегенді білдіреді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алған реформалардың негізгі басымдықтары, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасы Президент тапсырмасы бойынша елімізде халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі Омбудсмен институты жұмыс істеп жатқанын ерекше атап өтті. «Инклюзивті Парламент» депу-

таттық тобы қызметке кірісті. Оның құрамында 19 депутат бар. Өңірлік мәслихаттарда ерекше қажеттілігі бар 71 депутат өз міндетін атқаруда. Олар әлеуметтік кедергілерді жою және ерекше қажеттілігі бар адамдарға қолжетімді орта құру мәселесімен тұрақты түрде айналысып келеді.

Қазақстан мүгедектер конфедерациясының президенті Жанат Омарбекованың айтуынша, биыл «Жан шуақ» сыйлығына еліміздің барлық өңірінен 200-ден астам өтінім келіп түсті. Жалпы, осы уақыт аралығында барлығы 80-ге жуық адам марапатқа бөленді.

«Өзіндік ерекшелігіне қарамастан, әр адам тең мүмкіндік пен құқыққа ие болуы керек. Бұл сыйлық аталған қағиданы өмір шындығына айналдырған, қиындыққа мойымай, табандылық танытқан және бәрімізге шалқар шабыт сыйлаған жандарды даралайды. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдардың дамуына, өз қабілет-қарымын танытуына және жаңа мүмкіндіктерге

жол ашуына көмектесеміз» деді ол.

«Спорт саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығын қоларбадағы биімен Азия және әлем чемпионы атанған шымкенттік Ермек Қалымбетов иеленді. «Кәсіпкерлік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша мүгедектер арбасын тегін жөндейтін «Invakolyaski.kz» шеберханасын ашқан алматылық Дәурен Алканов марапатталды. Астаналық Валентина Толмачева «Мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдық сананың оң өзгеруіне қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды. Ол ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған түрлі іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастырады. «Мүгедектігі бар адамдардың ғылым мен білім беру қызметін дамытуға қосқан үлесі және оқуға талпынысы үшін» аталымында Түркістан облысының азаматы Мейірхан Топанбай сыйлыққа лайық деп танылды. Ол 10 тілді меңгеріп, 68 мың кітап оқыған екен. Теміртаулық

Арман Қарынсау «Мәдениет саласындағы үздік жетістіктері үшін» аталымының сыйлығын иеленді. Ол – бүгінде Астанадағы «Қанаттылар» инклюзивті театрының әртісі. Елорда тұрғыны Ильнар Айтняков «Күш-жігері және жеңіске талпынысы үшін» аталымының иегері атанды. Ол компьютер жөндеу шеберханасын ашып, қайырымдылықпен айналысады. «Өнер саласындағы аса үздік жетістіктері үшін» марапатына Тараздан келген Анар Бексұлтанова лайық деп танылды. Ол тігін шеберханасын ашып, мүгедек әйелдерді оқытып, жұмысқа орналастырып жатыр. Ал «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобының арнайы аталымында астаналық Серік Жүзбай жеңіске жетті. Жаны жомарт азамат қайырымдылықпен айналысып, қамқорлығынсыз қалған 100-ден астам баланы туған-туыстарымен табыстырып, зағип немесе көзі нашар көретін отандастарымызды қазақ, орыс, араб тілдеріне Брайль жүйесі бойынша оқыту жұмысын ұйымдастырды.

Жеңімпаздардың әрқайсысы 1 млн теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Іс-шара қазақстандық белгілі әншілердің мерекелік концертімен аяқталды.

## «АЛЖИР» ТҮТҚЫНДАРЫНА ТАҒЗЫМ

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің «Алаш» залында «Ұрпақтар ұмытпайды» көрмесі ашылды.

Тарихи деректерде өткен ғасырдың зобалаңға толы 30-50 жылдары Қарлағтың бір бөлімшесі болған «АЛЖИР»-ден этаппен 20 мыңнан астам әйел өткені, ал 8 мыңнан астам әйел мерзімдерін өтеп шыққаны айтылады. Аталмыш көрме лагерь тұтқындарын еске алу мақсатында ұйымдастырылды.

Мұнда Қаз КСР Денсаулық сақтау халық комиссары болған Хасен Нұрмұхамедов пен оның жұбайы, «АЛЖИР» тұтқыны Кира Берсенованың, Қаз КСР Атқару комитетінің Президиум мүшесі Мұхамедқали Тәгімов және оның жұбайы Шәкітай-дың, Алматы облысы Кеген

ауданының прокуроры Шәкір Ғайсин және оның жұбайы Ғайнижамалдың, «АЛЖИР» тұтқыны Сұлхан Бағызбаеваның, КСРО-да жұмыс істеген АҚШ-тың «Амторг» компаниясының төрағасы Саул Брон мен оның жұбайы Клараның, Добруш Мемлекеттік банк бөлімінің директоры Севек (Сендер) Лихтенштейн және оның жұбайы, «АЛЖИР» тұтқыны Ентаның, КСРО Мемлекеттік банкі директорының орынбасары Соломон Харин мен оның жұбайы, «АЛЖИР» тұтқыны Софья Зильбербергтердің фотосуреттері мен мұрағаттық құжаттары қойылды.



## СИРЕК САЙЫС – «СӨЗ ШЕБЕРІ»

Елордада «Сөз шебері» жүргізушілер байқауы мәресіне жетті. Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының концерт залында байқаудың финалдық кезеңі өтті.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Байқау қорытындысы бойынша 7 жүлделі орын мен арнайы номинациялар тағайындалды. 15-18 жас аралығындағы оқушылар мен студенттердің өнеріне газет, телеарна, радио, өнер саласында қызмет етіп жүрген майталман мамандар баға берді. Оның ішінде «Астана ақшамы» газетінің тілшісі де бар.

Байқаудың басты мақсаты – жас таланттардың зияткерлік және шығармашылық қабілетін ашу, сөйлеу әдебі мен мәнерін қалыптастыру, мерекелік іс-шараларды жүргізу шеберлігін шыңдау.

Байқаудың гран-приін №81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназияның оқушысы Самира Иманғалиева талассыз жеңіп алса, 1-орынға Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның оқушысы Мықтыбек Глияс лайықты деп танылды. Марапатты «Жібек жолы» телеарнасы бағдарламалар бөлімінің

бас редакторы Гүлжайнар Сүлейменова табыс етті. Екі 2-орынды бөліскен Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей оқушысы Аяна Айдарова мен №26 мектеп-гимназия оқушысы ғажайып мәнерімен, жарқыраған өнерімен көзге түскен Айгюн Ковтун иеленді. 3-орынды алған үш дарынды оқушы: Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей оқушысы Әліби Рамазанның ерекше дауыс тембрі бәрімізге қатты ұнады, Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназияның оқушысы Болат Медина болашағынан үміт күттіретін жас екенін байқадық, Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназияның оқушысы Әбдусейт Нұрбекұлы талантты оқушы ретінде танылды. Жеңімпаздарға осы жолдардың авторы марапаттар тапсырды.

Жалпы байқауға қатысқан барлық 14 жас өзінің талантын барынша көрсетуге тырысты. Негізі, жастар арасында креативті, өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы дарындардың барына қуандық.

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

